Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш жаршысы

№62 (9845)
6 тамыз,
сенбі
2022 жыл

Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Үндеу

ТАЗАЛЫҚ – БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ ІС

Құрметті аудан тұрғындары!

Қай заманда да, қай қоғамда да тазалық, табиғатқа қамқорлық – маңызды іс болып саналған. Туған табиғатты қорғау, аялау, тазалықтан бастау алатыны белгілі. Осы орайда кент, ауыл тұрғындары игілікті де, сауапты істі өз ауласының тазалығынан бастағаны дұрыс. Кенттің, ауылдың әрбір тұрғыны ауласының іші-сыртын тазартып, үйін ақтап, қақпасын сырлап, ауласындағы саялы ағаштарына күтім жасаса, сол ағаштың саясында, ауламызда өз балаларымыз жүреді.

Халқымызда «Мал баққанға бітер» деген сөз бар. Қазір шүкір, кент, ауыл тұрғындары малсыз емес, әрбір отбасы сауын сиыр, жылқы, түйе, ұсақ мал ұстайды. Бірақ осы малға ие болғанымыз жөн, ағайын. Қазақтың ата кәсібі мал ұстау екені де белгілі, бірақ малды көшеге жібермей бағу керек. Көшеде егілген ағашты ешкінің кеміріп жатқаны, ұзын мойнын созып, ағаш жапырағын түйелердің жеп жүргені жараспайды.

Аудан орталығында кәсіпкерлік нысандар жетерлік, жағалай дүкендер, дүңгіршектер, жайма базары бар. Осы ретте кәсіпкерлер де өздерінің жауапкершілігін сезінуі қажет. Өз дүкенінің маңайы, кәсіпкерлік нысанының айналасын талапқа сай таза ұстауы кәсіпкердің де мәдениетін көрсетеді.

Көктемде басталған көркейту-көгалдандыру, тазалық жұмыстарына аудан тұрғындары белсене қатысып, қарқынды жұмыстардың нәтижесінде кент, ауылдық округтері бір тазарып қалған. Бұл жұмыстар жалғасын тауып келеді. Осындай игілікті істер көктем мен күзде ғана емес, жыл бойы үзілмеуі қажет. Сондықтан кенттегі, ауылдық округтердегі тазалыққа байланысты атқарылар істер Сіздерден қолдау табады деген сеніммен меншік нысанына қарамастан мекеме, кәсіпорындар, кәсіпкерлер, жалпы аудан тұрғындарын, барлығыңызды тазалық шараларына бір кісідей қатысуға шақырамын!

Асқарбек Есжанов,
Жалағаш ауданының әкімі

Сапар

Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов ауданда жұмыс сапарымен болып, Мақпалкөл елді мекеніндегі шаруа қожалықтарының жұмысымен танысты. Аудандағы ауыл шаруашылығы, оның ішінде егін шаруашылығының бүгінгі тыныс-тіршілігінен хабардар еткен аудан әкімі Асқарбек Есжанов егісті әртараптандыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстардың жүйесімен де таныстырды.

Еселі еңбектің ғана жемісін көруге болады

Өздеріңізге белгілі, өңірде қазір аяқ судың тапшылығына байланысты егісті әртараптандыру мақсатында күріш дақылының мөлшерін азайтып, тиісінше суды аз қажет ететін картоп, сәбіз сынды бақша өнімдері мен жоңышқа, қант құмайын өндіру қолға алынуда. Бүгінде «Ер-Әлі» шаруа қожалығы 31 гектардан астам жерге картоп, сәбіз, қызылша өнімдерін еккен. Ал «Құрманбай ата» шаруа қожалығының алма бағында 5 түрлі алма сорты жайқалып тұр. Алынған өнімдер Қызылорда, Нұр-Сұлтан, Ақтөбе қалаларына сатылып, тұтынушының сұранысына қарай жөнелтіледі.

Ауданға сапары барысында аталған шаруа қожалық төрағаларымен тілдескен облыс әкімінің орынбасары С.Қожаниязов бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі жалғастырып, сұраныстағы өнімдерді өзімізде өсірудің маңыздылығын атап өтті. Өнім көлемін арттыру үшін қажетті қолдаудың да көрсетілетінін жеткізді.

Естеріңізде болса, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев азық-түлік бағасын тұрақтандыру мәселесіне назар аударып, әр ауылдың мүмкіндігіне қарай көкөніс және бақша өнімдерін өндіру үшін бос жатқан жерлерді игеруді ынталы азаматтарға бөліп беру қажет екенін айтқан болатын. Бұл тұрғыдағы жұмыстар да тиісінше қолға алынып, нәтижеге жұмыс жасауда.

Мәселен, бүгінде жоспардан бөлек Жалағаш ауданында 250 гектар жерге қосымша егін егілген. Ал жоғарыда аталған шаруашылық картоп, сәбіз, қызылша дақылдарын соңғы технологиямен, яғни тамшылатып суару әдісімен еккен. Тамшылатып суару технологиясының тиімділігін түсінген шаруа қожалық төрағасы бүгінде осы әдіс арқылы егіс мөлшерін еселеп отыр. Ал осынша гектар жерге бақша өнімдерін егіп, сұранысқа қарай сапалы өнімді өндіріп отырған шаруашылық жұмысының шырақ екенін атап өткен облыс әкімінің бірінші орынбасары биылғы жылғы күзгі науқанда жалағаштық диқандардың мол өнім алатынына сенім білдірді.

Ал жыл сайынғы егіннен өндірілген өнімнің жоспарға сәйкес, кейде тіпті көп орындалуы бұған дейін үздіктердің қатарынан көрінуімізге мүмкіндік бергенін атап өткен аудан әкімі Асқарбек Темірбекұлы жалағаштық диқандар табандылық пен маңдай тердің арқасында егіннен мол өнім алып, аудан абыройын асқақтатып келетінін жеткізді. Бұдан бөлек өңір басшысы еңбеккерлер қауымы бүгінгі заман талабына сай, мықты әрі тиімді шаруаны жүргізіп отырғанына да тоқталды.

Айта кетейік, биылғы жылы Жалағаш ауданы бойынша 35486,5 гектарға егіс орналастырылып, күтімге алынған. Оның ішінде негізгі дақыл күріш 18501 га, бидай 720 га, қант құмайы 73 га, арпа 42 га, соя 39 га, мақсары 520 га, сүрлемдік жүгері 445 га, сұлы 5 га, қант қызылшасы 2,5 га, жаңа жоңышқа 4903 га, ескі жоңышқа 7186 га, картоп 646 га, көкөніс 1108 га және бақша өнімдері 1296 га болып отыр.

Осыған дейін шаруашылықтардың егістік алқаптарынан жер дайындалып, тиісінше картоп, көкөніс, бақша дақылдарын орналастыру жұмыстары жүргізілген. Бұқарбай батыр ауылдық округі бойынша 5485 га егін орналастырылса, «Байтабын» ЖШС биылғы жылы 2123 га ауыл шаруашылығы дақылдарын еккен. Бұдан бөлек Мақпалкөл ауылы бойынша 3551,5 га егін орналастырылып, күтімге алынса, «Ер-Әлі» шаруа қожалығы биылғы жылы 1265,5 га жерге, «Құрманбай Ата» шаруа қожалығы 650 га егін орналастырып, күтімге алған.

Жалпы Жалағаш Сыр салысынан мол өнім алуда бұған дейін нәтижелі жұмысты көрсетті. Бұл ауыл еңбеккерлерінің табанды ісінің нәтижесі екеніне дау жоқ. Озық технологиялардың ауыл шаруашылығы саласына тың серпін беруі бір жағынан салада еңбек өнімділігін де арттырып отыр. Ал биылғы жылы егісті әртараптандыру бағытында күрішпен қоса бақша өнімдерін егуді де қолға алған диқан қауым өнімнің жоспардан кем орындалмауы үшін және бұл жылы да белгілі межеден шығуды мақсат етуде. Өйткені, маңдай термен өсірген егіннің ысырапсыз жиналуы дайындық жұмыстарына тікелей байланысты. «Қыс азығын жаз ойла» дегендей, күзгі өнімнің мол болуы дайындық жұмыстарына байланысты болса, бейнеттің жемісін еселі еңбекпен ғана көруге болады.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ

Ел жаңалықтары

Ресейлік екі ЖОО-ның филиалы ашылады

Күзде Ресейдің «МИФИ» Ұлттық ядролық зерттеу университетінің филиалы Алматы қаласында, И.М.Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университетінің филиалы Атырау қаласында ашылады.

Биыл қазан айында аталған жоғары оқу орындары филиалдарының базасында «Қорғалған жоғары өнімді есептеу жүйелері», «Элементар бөлшектер физикасы және ғарыш физикасы», «Мұнай мен газды іздеу және барлау», «Мұнай және газ кен орындарын игеру, пайдалану және кешенді механикаландыру мен автоматтандыру», «Мұнай және газ тасымалдау» сияқты мамандықтар бойынша кадрларды дайындау басталады. Оған 200 грант бөлінді. Оқу процесіне жетекші ресейлік профессорлар тартылмақ.

«Кәсіби кадрларды даярлау мен ғылыми зерттеулерді ұйымдастыруда жоғары оқу орындарын әлем елдерінің тәжірибесімен ұштастыру және ынтымақтастық ауқымын кеңейту заманауи білім беру технологияларын кеңінен енгізуге мүмкіндік береді. Техникалық кадрларды дайындау жағынан ресейлік ғылым әлемдегі ең үздіктердің бірі саналады. Сондықтан бұл тәжірибе бізге өте пайдалы», деді Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек.

Жалағаш аудандық мәслихатының кезектен тыс 23-сессиясын шақыру туралы

Жетінші шақырылған Жалағаш аудандық мәслихатының кезектен тыс 23-сессиясы 2022 жылғы 8 тамызда сағат 10.00-де аудандық мәслихаттың мәжіліс залында ашылады.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. «2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 22 желтоқсандағы №12-1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

2. Қосымша мәселелер.

2022 жылғы 8 тамызда сағат 9.30-да аудандық мәслихат хатшысының кеңсесінде тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы өткізіледі.

Сессия отырысы **Aitube.kz** платформасында тікелей эфирде көрсетіледі.

Мәслихат хатшысы: Г.Құрманбаева

Салтанатты шара

Сала қызметкерлеріне құрмет көрсетілді

Еліміздің көлік кешеніндегі маңызды қатынас құралы әрі ел мен елді жалғастырып, алысты жақын етіп отырған теміржол саласының халық шаруашылығы үшін маңызы зор. Көлік логистикасы – экономиканың күретамыры болса, теміржол саласы сол экономикамыздың дамуына ерекше үлес қосып келеді. Жылдар бойы көлік саласында жүрген, білімі мен білігін саланың алға басуына арнаған, шойынжолда шыңдалып, тәжірибе жинаған ерекше маман иелері, теміржолшылардың еңбегін елеп, ескермеу мүмкін емес. Сондықтан жыл сайын тамыз айының алғашқы жексенбісінде осы сала қызметкерлеріне құрмет көрсетіледі.

Соның ізімен кеше аудандық Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйінде мерекеге орай салтанатты жиын өтті. Оған аудан басшылығы, сала қызметкерлері мен аудан тұрғындары қатысты. Мәдениет үйі өнерпаздары дайындаған салтанатты шара арнайы бейнекөрсетілімнен бастау алды. Бұл көріністе көлік саласы қызметкерлерінің қарбаласқа толы әрі қызықты сәттері бейнеленді. Мұнан соң сала қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтаған аудан әкімі Асқарбек Есжанов аталған сала иелерінің адамзат үшін атқарып келе жатқан игі істеріне тоқталып, саланың дамуына қосқан үлестерін атап өтті.

– Осындай маңызды салада еңбек ететін жандардың уақытпен санаспай, өз қызметтерін адал да сапалы орындауы – үлкен жауапкершілік. Әрине, таң бозара жұмысқа келіп түн қарайған сәтке дейін тынымсыз тірлік жасау оңай шаруа емес. Дегенмен, аудан тұрғындары мен қонақтарының сұранысы, талабы мен тілегіне сай еңбек ету – сіздердің абыройлы міндеттеріңіз.

Бүгінде «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» жолы бірнеше еларалық байланысты нығайтып, экономикалық қатынастардың жақсара түсуіне арқау болып отыр. Бұл жол тыңнан түрен салған із емес, беріден алсақ, бұл кешегі кеңес дәуіріндегі республикалық маңызы бар «Самара – Шымкент» күре жолының жалғасы, әріден алсақ, тарихта тамырланып жатқан «Жібек жолының» жаңғыруы.

Бүгінде ауданда жолаушылар тасымалы қызметін 6 жауапкершілігі шектеулі серіктестік көрсетеді. Ерекше айта кетерлігі, Жаңадария, Аққыр бағыттары облыстық мәслихаттың шешіміне сәйкес өткен жылы әлеуметтік маңызы бар қатынастар тізбесіне енгізілді. Сонымен бірге аудандағы маңызы зор көлік түрі – теміржол көлігі саласы. Аудан бойынша 1 теміржол вокзалы жолаушыларға қызмет көрсетіп келеді. Осы салада қызмет етіп жүрген барлық азаматтар мен сала ардагерлерін «Көлік қызметкерлері» күні мерекесімен құттықтаймын, – деген өңір басшысы Асқарбек Темірбекұлы сала қызметкерлеріне толағай табыс тіледі. Мұнан соң бірқатар сала ардагерлері мен мамандарына аудан әкімінің құттықтауы мен алғыс хаты табысталды.

Иә, расымен бүкіл әлемнің шетін жалғап жатқан теміржол қызметінің тарихы терең. Жолаушы мақсаты – жету болса, сол жолаушыларды аман-есен жеткізу – әрине болат жол майталман мамандарының еншісінде. Еліміздің теміржол саласы соңғы оңжылдықта ел жаңаратын елу жылда алмаған асуды алып, биік белестерді бағындырды десек артық айтқандық болмас. Соның ішінде аудан теміржолшыларының еңбектері ерен. Саланың осындай биік белестерге шығып, табысқа жетуінің себебі – теміржолға адал қызмет етіп, өз кәсібіне мейілінше төселген тәжірибелі теміржолшылардың еңбегінің нәтижесі. Тірлігін теміржолмен біте қайнастырып, шойынжолдың бойында құрыш қолмен еңбек етіп жүрген әрбір маманның адал еңбегі елдің дамуынан көрінбек. Кәсіби мерекелері қарсаңында марапат төрінен көрінген әр қызметкер, сала ардагері осындай құрметке әбден лайықты.

Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйінде өткен мерекелік шара соңы аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты. Шарада мәдениет үйі өнерпаздарымен қатар ауданның теміржол саласында қызмет жасайтын қызметкерлері мен осы салада еңбек еткен аға-апалардың ұрпақтары, сонымен қатар ауданда аты аңызға айналған «Алтын арай» ансамблінің 80 жылдардағы әншілері де өнер көрсетті. Кәсіби мереке қарсаңында лайықты бағасын алып, елдің ыстық ықыласына бөленген сала майталмандарының да елге айтар алғысы шексіз екенін білдік.

Нұр НАУАН

Өткен аптада аймақ басшысы аудандардың даму динамикасын саралаған болатын. Сол жиында облыс әкімі Жалағаш ауданының экономикалық көрсеткіштеріне оң баға берді. Расында соңғы жылдары ырысты, күрішті Жалағаш ауданында соны серпіліс байқалады.



Жаңа жобалар жүзеге асуда

Асқарбек Есжановтың Жалағаш ауданы әкімі қызметінің тізгінін ұстағанына да біршама уақыт болыпты. Нақтырақ айтсақ, жүз күнге жуықтапты. Әрине, бұл әр адамның жеке жұмысын реттеуге жеткілікті уақыт болғанымен, ел ішіндегі қордаланған мәселелердің түбегейлі шешімін табуы үшін ұзақ мерзім емес. Десе де, осы аз уақыт ішінде ауданымызда біршама жұмыстар атқарылып, шабандап тұрған шаруалар ширады. Оны аудан тұрғындары да көріп, біліп, көпшілік кездесулерде және әлеуметтік желілерде оң пікірлерін білдіріп келеді. Біз де ол жайында газетіміздің алдыңғы сандарында қысқаша жарияладық.

Асқарбек Темірбекұлы ауданымызға басшылық қызметке келген бойда ең алдымен ауданға қарасты ауылдар мен елді мекендерді аралап, елдің жай-күйіне қанығып, тұрғындардың тұрмыс-тіршілігімен етене танысты. Халық алдында жұмсақ орындыққа отырмай, ауыл тұрғындарымен түрегеп тұрып жүздесіп, тілдескен жаңа әкім орындалмайтын шаруаларды шешемін деп үйіп-төгіп уәде бере алмайтынын, әйтсе де, мейілінше жан-жақты мүмкіндіктерін қарастыра отырып өз кезеңімен күрмеулі мәселелердің түйінін тарқатуға тырысып, халыққа қызмет етуге келгенін айтқан болатын. Халық – Құдайдың бір аты. Аудан басшысы халық алдындағы сол сөзін іспен дәлелдеуге кірісіп кетті. Енді соларды ретімен тарқатайық.

Аудан тізгінін қолға алған Асқарбек Есжанов үш айдан астам уақытта көптеген ілкімді істерді жүзеге асырды. Аграрлы аймақ саналатын Жалағаш өңірінің қай саласында болмасын дәл қазіргі күні ілгерілеушілік бар. Өңірде атқарылып жатқан қарқынды жұмыстар соның айқын дәлелі.

Ел дамуының локомативі – экономика. Ауданымыздың даму көрсеткіші де әлеуметтік-экономикалық ахуалына байланысты әр жылдары әртүрлі сипат алып, өзгеріп отырады. Бұл орайда аудан әкімінің көрсеткішті жоғары межеден түсірмей, тұрақты ұстап тұру үшін өзіне де, айналасына да қатаң талап қойғанын және соның нәтижесінде мейілінше мемлекет қазынасының бүйірін шығаруды мақсат тұтқанын байқаймыз. Яғни жергілікті бюджетке құйылатын түсім артуы тиіс. Соңғы уақытта бұл сала да сергіп, серпін ала бастады. Соның нәтижесінде қазіргі уақытта ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуында оң тенденция қалыптасып отыр. Өңірдің өңдеу өнеркәсібінде өркендеу бар. Атап айтсақ, ауданда өнеркәсіп өнімінің үлес салмағы 84,4 пайызға тең болса, оның ішінде өңдеу өнеркәсібі 72,3 пайызды құрайды. Сонымен қатар шағын және орта бизнес бойынша да өсім байқалады. Бұл тұрғыда жыл басынан бері 1 383 жұмыс орны құрылған болса, соның ішінде 637-і тұрақты жұмыс істеп тұр. Бұл – аудан тұрғындарының да қазіргі нарық қоғамының талабына бейімделіп, түрлі кәсіпті меңгере бастағанының көрінісі. Жергілікті билік өкілдерінің түсіндірме жұмыстарының нәтижесінде мемлекет тарапынан көрсетілетін жан-жақты қолдауды тиімді пайдаланып, өзін өзі жұмыспен қамтығандардың қатары көбейіп келеді. Мемлекет қамқорлығын көріп, кәсібін дөңгелетіп отырғандар өзгелерге үлгі болып, қозғаушы күшке айналған. Бұның айғағы – жеке кәсіп ашып, көкжиегін кеңейтуге ниетті жандардың көбеюі.

Мемлекеттік және өңірлік бағдарламалардың орындалуын назарда ұстап, өңір экономикасының өркендеуіне күш салып жүрген аудан әкімі Асқарбек Есжановтың үш ай көлемінде атқарған жұмыс нәтижесін іскерліктің айқын жемісі деуге болады.

Қоғамды дендеген жұмыссыздық мәселесін жоюда ел экономикасына серпін беретін тың жобаларды жүзеге асыру үлкен маңызға ие. Бұл бағытта ауданымызда мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар шеңберінде және жеке қаражат есебінен 2 млрд 518 млн теңгеге 92 жоба қаржыландырылған. Нәтижесінде 168 жаңа жұмыс орындары ашылып, жергілікті жұртшылықтың жұмыспен қамтылуына үлкен мүмкіндік туып отыр.

Сонымен қатар «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту» ұлттық жобасы шеңберінде ауданда жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант бөлуге 283,2 млн теңге қаржы қаралып, 231 адамға берілетін болады. Нәтижесінде 250 адам жұмыспен қамтылады. Алдағы уақытта ауданымызда бұл бағытта атқарылар жұмыстар аз емес. Атап өтсек, жыл аяғына дейін 730,5 млн теңгені құрайтын 20 жоба жүзеге асырылып, 84 адамды жұмыспен қамту жоспарлануда. Сонымен қатар 1 млрд 79 млн теңгені құрайтын 51 жобаны қаржыландыру үшін микроқаржы ұйымдары мен екінші деңгейлі банктердің қарауына ұсынылған.

Осы орайда аудан әкімінің ықпалымен 2018 жылдан бастап тоқтап тұрған аудандағы мия тамырын өңдеу зауытының жұмысын жандандыру ісі қолға алынып жатқанына ерекше тоқталып өтуге болады. Аудан тұрғындарының есінде болар, әу баста жоба қытайлық «Борихунда» компаниясы және «Бис Групп» ЖШС есебінен жүзеге асырылған еді. Мемлекеттік қолдау шарасы ретінде зауытты орналастыру үшін 8,75 гектар жер телімі табысталған болатын. Алайда, үлескерлердің арасында келіспеушілік туындап, зауыттың жұмысы 2017 жылға дейін тоқтап қалды. 2017 жылы зауытқа құны 115 мың АҚШ долларын құрайтын қондырғылар орнатылып, сол жылы алғашқы 20 тонна және 2018 жылы 13,6 тонна өнімін (қара ұнтақ глицирризин қышқылы) Қытай мемлекетіне экспорттады. 2018 жылдан бастап өндірілетін өнімнің құны әлемдік нарықта төмендеп кетуіне байланысты зауыт жұмысы қайта тоқтады. Қазіргі таңда Қытай Халық Республикасынан арнайы технолог мамандар алдырып, зауытты іске қосу жұмыстары жан-жақты жүргізіліп жатыр. Зауытты осы жылдың қыркүйек айында толық іске қосу көзделуде. Аталған өндіріс орнында 190 жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарланып отыр. Бүгінде зауыт жұмысын бастау үшін 300 тонна мия тамырының қоры жасақталып, 20 адам жұмысқа орналастырылған және өндірісте толық автоматтандырылған заманауи технология пайдаланылатын болады.

Жалпы ауданға биыл 9 млрд теңге инвестиция тарту жоспарланған. Оның ішінде 1-ші жартыжылдықтың қорытындысымен негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 3 млрд 891 млн теңгені құраған. Жыл аяғына дейін тағы да 5 млрд 109 млн теңге көлемінде инвестиция тарту жоспарда тұр. Алдағы уақытта аудан қазынасына қаржы құятын алпауыт инвесторлардың қарасы көбейе түседі деп күтілуде.

Аудан экономикасының негізгі күретамыры саналатын ауыл шаруашылығы саласында да ауқымды істер атқарылып жатыр. Ала жаздай алқаптардағы атыз бойын жағалаған диқан қауымы мен мал шаруашылығын өрістетіп отырған шаруалардың еселі еңбегі қай кезде де жоғары бағаға лайық. Жалпы аудан бойынша 331 шаруашылық өз шаруасын дөңгелетіп отыр. Оның ішінде 195 қожалық егінмен айналысса, 136 шаруа мал шаруашылығына ден қойған. Соның ішінде ет-сүт бағытындағы мүйізді ірі қара мен биязы жүнді әрі етті қой тұқымын өсіріп, көбейтуді қолға алған шаруашылықтар бар. Одан бөлек, мал шаруашылығын құрып, мал асыраймын деген өзге де ынталы топтар мемлекет қолдауына қол жеткізіп, кәсібін кеңіткен.

Жалағаш ауданы егін шаруашылығы бойынша, соның ішінде күріш дақылын өндіруде облыста жыл сайын озат аудан ретінде алдыңғы қатардан көрініп келеді. Негізінен биыл аудан бойынша 35 486 гектар жерге егіс орналастырылды. Оның ішінде, негізгі дақыл – күріш 18 501 гектарды құрайды. Сонымен қатар тәжірибелік мақсатта алғаш рет 73 гектар қант құмайы, 39 гектар соя, 5 гектар сұлы, 2,5 гектар қант қызылшасы дақылдары орналастырылды. Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев: «Жалағаш ауданының облыс орталығына жақын орналасуы бау-бақша және фермерлік кәсіпті дамытуға мүмкіндік береді. Ол үшін ауданда бақша, көкөніс өнімдерін өсіруге және етке негізделген мал, құс шаруашылығын дамытуға жеткілікті жағдай жасау қажет», деген болатын. Ауданға қарасты ауылдарда тек бақша дақылдарын егумен ғана айналысатын шаруалар және құс шаруашылығын қолға алып, жұмыс бастағандар да бар. Тек алдағы уақытта осы жұмыстарды жандандыра түсуге тиіспіз.

Қоғамда жол қатынасы аса маңызды. Әсіресе, өркениетке бет бұрған біз секілді дамушы елдер автомобиль жолдарының сапасына мән бергені жөн. Жалпы аудан аумағындағы автомобиль жолдары 234,1 шақырымды құрайды. Оның ішінде, республикалық маңызы бар 50, облыстық маңызы бар 60,6 және аудандық маңызы бар 123,5 шақырым жол бар. Оның 223,3 шақырымы асфальт болса, 10,8 шақырымы қара жол. Көріп отырғандарыңыздай, аудан аумағындағы жолдардың 80-90 пайызы асфальтталған.

Биыл ауданда барлығы 17 көшеге 718,1 млн теңгеге жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұдан бөлек, жалпы құны 1 млрд 133 млн теңгені құрайтын 3 елді мекеннің кіре беріс жолына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге республикалық бюджеттен қаржыландыру үшін бюджеттік өтінім тапсырылған. Сондай-ақ биылғы жылы Мырзабай ахун ауылдық округінде 2 көше, Еңбек ауылдық округінде 3 көше, М.Шәменов ауылдық округінде 9 көше, Аққыр ауылдық округінде 1 көше және Жаңадария ауылдық округінде 1 көше асфальтталады. Алдағы уақытта бұл жұмыстардың барлығы да өз кезеңімен жүзеге асады.

Қазіргі таңда аудан тұрғындары 100 пайыз орталықтандырылған таза ауыз сумен қамтамасыз етілген. Биыл аудан бойынша құны 1,1 млрд теңгені құрайтын 4 жоба жүзеге асырылған. Атап айтқанда, Жалағаш кентіндегі тұрғын үй салу мақсатында инфрақұрылым жүргізуге әзірленіп жатқан «Ақтерек» учаскесінде 170 гектар жерге су ұңғымалары және су жинау-тарату кешенінің құрылысы, одан бөлек, Аққұм, Мәдениет елді мекендерінің өсу динамикасына сәйкес ауыз су желісін кеңейту жұмыстарына республикалық бюджеттен барлығы 686 млн теңге қаржы бөлініп, қазіргі таңда құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр екен.

Аудан тұрғындары жылдар бойы сарыла күткен көгілдір отынның игілігін көре бастады. 2021 жылы Жалағаш кенті газ желісіне қосылып, бүгінгі күнге 3 164 тұрғын үйдің 1 863-і және 10 әлеуметтік, 77 кәсіпкерлік нысандар газ желісіне қосылды. Сонымен қатар, биыл 6 нысанның жылу қазандығын газға ауыстыру үшін бюджет есебінен 135,7 млн.теңге бөлінген. Ол осы жылдың қыркүйек айында іске қосылады деп күтілуде. Алдағы уақытта, аудан бюджеті есебінен 5 мекеменің жылу жүйесін газ отынына ауыстыру үшін және 2 елді мекенге (Ақсу, М.Шәменов ауылдық округтері) газ желісін тарту үшін ЖСҚ әзірленеді екен.

Қазіргі уақытта электр қуатынсыз бір күн өмір сүру мүмкін емес. Өйткені, қоғамдағы тіршіліктің барлығы электр энергиясына тәуелді. Сондықтан ескерілуі тиіс саланың бірі – осы. Бірақ бұл да аудан әкімінің назарынан тыс қалмапты. Мәселен, 2019-2021 жылдары аралығында барлығы 373 млн теңгеге 6 елді мекеннің электр жүйелерін қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілсе, биыл 6 жобаға 286,2 млн теңге қаржы бөлініп, 5 елді мекен жарықтандырылады және жаңадан ашылатын «Ақтерек» учаскесіне электр желілері тартылады екен. Бұдан бөлек, 5 елді мекеннің тұрғын үйлер секторын электр желілерімен қамту үшін демеушілер есебінен ЖСҚ әзірленіп жатыр. Осы жылдың тамыз айында 2023 жылға республикалық бюджет есебінен қаржыландыруға ұсынылмақшы.

Қазіргі қоғамда тұрғындар үшін ең басты мәселе – баспана. Ауданымызда тұрғын үй бойынша да көптеген тындырымды тірлік атқарылуда. Жалпы ауданда 27 көппәтерлі тұрғын үй бар. Жасыратыны жоқ, кент ішіндегі көппәтерлі тұрғын үйлердің көбі күтімсіз, ескірген. 2014-2019 жылдары аралығында бюджет есебінен 5 көппәтерлі тұрғын үйге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Қазіргі таңда 14 тұрғын үй күрделі жөндеуді қажет етеді. Биылдың өзінде республикалық бюджеттің ішкі заем есебінен 5 тұрғын үйге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге 36 млн теңге қаржы бөлініп, жөндеу жұмыстары жүргізілген. 2023 жылға «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында жалпы құны 9,2 млн теңгені құрайтын 2 тұрғын үйге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына бюджеттік өтінім тапсырылған.

Тән саулығы – жан саулығы. Қазіргі қоғамның басты міндеті де, талабы да – халықты салауатты өмір салтына бейімдеу. Осы орайда биылғы жылы 3 әлеуметтік нысанның, атап айтсақ, жаттығу және стритбол алаңы, балалар ойын алаңы, спорттық сауықтыру кешені құрылысын жүргізуге 304,6 млн теңге қаржы бөлініп отыр. Бүгінгі күнге 2-уінің құрылысы аяқталса, 1-уінің құрылысы жыл аяғына дейін аяқталып, ел игілігіне беріледі деп күтілуде. Сол секілді аудан бюджеті есебінен орталық стадион мен мәдениет үйі нысандарын күрделі жөндеуден өткізуге және екі ауылдық клуб (Аққыр, Мырзабай ахун ауылдық округтері) құрылысына ЖСҚ әзірленуде. Бұдан бөлек, облыс әкімінің жанындағы Кеңес қарауына 61 жоба ұсынылып, барлығы 53 жоба мақұлданған. Сонымен қатар, 2023 жылға іске асыруға жалпы құны 6 млрд 492 млн теңгені құрайтын 25 жоба дайын. Аталған жобалар «Нұрлы жер», «Нұрлы жол», «Өңірлерді дамыту» бағдарламалары және «Ауыл-Ел бесігі» жобасы аясында республикалық бюджеттен қаржыландыруға тиісті салалық басқармаларға бюджеттік өтінім тапсырылған.

Сол сияқты аймақ басшысының арнайы тапсырмасына орай екінші жартыжылдықта демеушілер арқылы 7 балалар ойын алаңын салу жоспарланып отыр.

Ауданның әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени даму бағытында атқарылатын жұмыстар мұнымен шектеліп қалмақ емес. Соған орай, тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін ескере отырып, аудан бойынша 2023-2025 жылдарға арналған 3 жылдық перспективалық іс-қимыл жоспарын әзірлеген Жоспарға енгізілген жобаларды кезең-кезеңімен іске асыру қолға алынды.

Жалпы Жалағаш өңірінің жаңарып, гүлденуіне ықпал ететін маңызды жобалар аудан әкімінің назарынан тыс қалған емес. Алдағы уақытта да атқарылатын жұмыстар халықтың игілігіне бағытталмақ.

Қуат АХЕТОВ

Мәжіліс

Жүйелі жұмыс оң нәтижеге бастайды

«Ақ күріштің Қостанайы» атанған киелі Жалағаш жерінде барлық сала бойынша дамудың оң динамикасы бар деуге болады. Жыл сайын жаңарып, жасарған Жалағашта құрылыс та қарқын алды, әлеуметтік-экономикалық жағынан да серпіліс жоқ емес. Бұл сөзімізге ауданда соңғы жылдары атқарылып жатқан жүйелі жұмыстар дәлел болса, I жартыжылдық қорытындысымен негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша өңіріміздің II орынды алып, жоғары даму динамикасын көрсеткені қуаттай түспек.

Апта басында осыған орай аудан әкімі Асқарбек Есжановтың төрағалығымен аппарат мәжілісі өтіп, атқарылған жұмыстар мен алдағы жүктемелер сараланды. Мәжіліске аудан әкімінің орынбасарлары, кент және ауылдық округ әкімдері және бірқатар бөлім, мекеме басшылары қатысты.

Айта кетейік, жиын барысында кадрлық өзгеріске тоқтала кеткен өңір басшысы жақында ғана ауданға қарасты М.Шәменов ауылының әкімі болып сайланған Ғалымжан Есжановтың мемлекеттік қызметте, оның ішінде басқарушы лауазымдарда тәжірибесі мол маман екенін атап өтіп, қызметіне сәттілік тіледі. Мұнан соң рейтинг негізіне алынған 10 көрсеткіштің 8-і бойынша өсім қалыптасса, 2 көрсеткіш бойынша төмен болғанын айтқан аудан әкімі мәселенің мән-жайын тарқатты.

– Өздеріңізге белгілі, I жартыжылдық қорытындысымен негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша Жалағаш ауданы 2 орынды алып, жоғары даму динамикасын көрсетті. Жалпы біздің өңірдің дамуы көш соңында емес. Қай салада болсын мүмкіндігіне қарай ілгерілеушілік байқалады. Халықтың көкейінде жүрген мәселелер ескеріліп, кезең кезеңімен жүзеге асуда. Бұл жұмыстар биыл да жалғасын тауып, жыл басынан бері біршама жұмыс атқарылды. Алдағы уақытта атқарылатын жұмыстардың легі көп. Елді мекендерді дамытудың жоспарлы жұмыстары кезең кезеңімен жүзеге асып, бірнеше жылда ауданның дамуын жаңа деңгейге көтеруді мақсат етіп отырмыз. Әрине еңбек ету керек, жоспар құру керек және бүгінгі мақсатты ертеңгі орындалған іске айналдыру керек. Бұл тұрғыда барлығымыздың бірлікпен, жауапкершілікпен жұмыс істеуіміздің маңызы зор, – деген аудан басшысы Асқарбек Темірбекұлы 4-ші деңгейлі бюджет жоспары төмен бекітілген ауылдық округтерді атап өтіп, тиісті бөлім басшысына бюджетті бекітуге қатаң назар аударуды, ауылдық округ әкімдерінің 4-ші деңгейлі бюджет кірістерінің жоспарлау барысына аса мән беруін тапсырды.

Мәжілісте көтерілген келесі мәселе халықты жұмыспен қамтудың белсенді шараларын ұйымдастыру болды. Өйткені өңірдің дамуы тікелей әлеуметтің әлеуетімен өлшенеді. Бұл тұрғыда халықтың тұрмыс сапасын арттыру жұмыстары нәтижеге бағытталуы тиіс. Алайда аталған саланың жұмысында біраз кемшіліктер бар екен. Мұны сөз еткен аудан әкімі аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Қ.Шамшатұлына сандық мәліметтер облыстың мәліметтерімен сәйкес емес екенін атап өтіп, облыстық басқармамен тығыз байланыста болу керек екенін айтты. Сондай-ақ мәжілісте Қанат Шамшатұлына халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына кешенді қолдау көрсетуді үйлестіру мақсатында ауданда «Отбасын қолдау орталығын» ашуды тапсырды.

Аппарат мәжілісінде жұмыссыздық жайы да сөз болды. Осы ретте аталған мәселені жолға қою үшін жаңа жұмыс орындарын ашудың маңызы зор. Бұл үшін, әрине, кәсіпкерлік саласын қолдау, ниетті тұрғындарға мүмкіндік жасау, сол арқылы тұрғындардың тұрақты жұмыспен қамтылуын қадағалау, қажет болса қайтарымсыз грант алуға жәрдем беру, жалпы жұмыссыздық жайын шешуде кешенді жоспармен жұмыс істеу оң нәтиже беретіні даусыз.

Әлеуметтік маңызы бар он тоғыз түрлі азық-түлік тауарларының бағаларына жүргізілген мониторинг нәтижесінде жыл басынан бері он үш түрлі азық-түлік тауарына баға өсімі тіркелген. Басқосуда халық үшін ең маңызды мәселенің бірі осы – баға тұрақтылығына тоқталған аудан әкімі тиісті сала басшыларына жауапкершілікпен жұмыс жасауды тапсырды. Әсіресе аудан бойынша сауда орындарына мониторинг жүргізу ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік бөлімі басшыларының ұдайы назарында болу керек екені айтылып, азық-түлік бағасын өсірген кәсіп иелеріне байланысты ұсыныс беруді жеткізді.

Аппарат жиынында қауіпсіздік шаралары да нақтыланды. Әсіресе қазір көгілдір отын тұтынушылар қатары көбейгені белгілі, сондықтан табиғи газды пайдалануда аса сақтық керек. Бұл тұрғыда жауапты мекеме аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлерімен бірлесіп, түсіндірме жұмыстарын әлеуметтік желілер арқылы және әрбір тұрғын үйді аралап жүргізуі тиіс. Апат айтып келмейтінін айтқан аудан әкімі мәселені шешудің жолын емес, алдын алуға жұмыс жасау керек деді. Қауіпсіздік жайы сөз болғанда, аудандағы қоғамдық тұрақтылықты айтпай кету мүмкін емес. Аудандық полиция бөлімі қоғамдық тәртіпті қатаң сақтауда, қылмысты болдырмауда аса қырағылықпен жұмыс істеуі қажет. Жиында осындай ескерту алған аудандық полиция бөлімі қашанда тұрғындардың қауіпсіздігі басты назарда екенін атап өтті.

Жиын барысында сараланған, талқыланған мәселелердің ішіндегі бұған дейін де айтылып келе жатқаны – пада ұйымдастыру болды. Арнайы реттілік болмағандықтан бейберекет жайылған, автокөлік жолдарына еркін шығып жүрген мал түрлері жол-көлік оқиғаларына себепші болуда. Бұл мәселенің бұрыннан көтеріліп келе жатқанын ескерген аудан әкімі кент, ауылдық округ әкімдері елді мекенде 1 ай мерзімде пада ұйымдастыру мәселесін шешуді тапсырды.

Мәжіліс қорытындысымен А.Есжанов аудан әкімінің орынбасарларына, аппарат басшысына берілген тапсырмалардың орындалуын қатаң бақылауды тапсырды.

Иә, ауданда қай салада болсын жыл көлемінде елдің игілігі үшін атқарылған шаруалардың бәрі ынтымақты бірлік, тату тірліктің арқасында өркен жайғанын айта кеткен абзал. Ырыс-несібесін Тәңірден тілеп, бақ еңбек еткенге бітеді дейтін халқымыздың бүгінгі күйі шүкірлік етердей. Ал жоғарыда аталған мәселелердің шешімі жүйелі жұмыс, нақты жоспар және бірлікпен бітетін іс.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

Соңғы уақытта халыққа қызмет көрсететін мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер мен құрылымдардың жұмысына, онда қызмет ететіндерге өткір сыни пікірлер жиі айтылып жүр. Адамдар өздері өмір сүріп отырған қоғамның ағымына қарай көбірек бейімделеді. Біз өзімізді «Зайырлы, демократиялық елміз» деп жариялағанымызбен соңғы жылдары елдегі жемқорлық, мемлекет мүлкіне қол сұғушылық, қызметке тамыр-таныстықпен орналасу мен адамдардың құқығының жиі бұзылуы және т.б.халықтың заңды ренішін тудыратын келеңсіздіктердің үйреншікті жағдай сияқты болып келгені жасырын емес.

Мінез – адамның көрсеткіші

Жөнді, жөнсіз өткір сыни пікірлер әсіресе ІІО-ның қызметкерлеріне жиі айтылады. Осы айтылғандарға байланысты менің өзімнің жеке пікірім бар. Әрине барлығы емес, дегенмен «қандай қоғам, сондай адам» деп ойлаймын. Мүмкін бұл өтпелі кезеңнің ауыртпалықтарының бір парасы шығар. Өрескел қателіктер барлық салаларда да бар. Алдына келген науқасты «бармақ басты-көз қыстымен» емдейтін дәрігер де бар. Қабілетсіз маманды тамыр-таныстықпен жауапты қызметке тағайындайтын басшылардың бары да рас. Студенттердің білімін бағалауда әйтеуір бір нәрсе дәметіп тұратын педагогтардың барын мектеп оқушыларына дейін біледі. Айта берсек, барлық саланың мамандарында да кемшілік бар.

Ал құқық қорғаушыларға, оның ішінде полиция қызметкерлеріне айтылатын сыни пікірлер мен айыптаулар легі басымдау. Бұл – заңды да өйткені адамның құқы мен бостандығының бұзылуы өте өкінішті жағдай. Оның үстіне елдегі жалпы құқық бұзушылықтың тоқсан пайыздан астам түрімен күрес жүргізу ІІО-ның еншісіне тиесілі. Осындай жағдайларға байланысты ІІМ-де өз орталарын «тазалау» жұмыстары жүргізіле бастағанын, тетігін басып қалсаң әлемдегі кез-келген жаңалықпен таныстыратын компьютердегі немесе қалта телефондағы ғаламтор желісінен де, дәстүрлі БАҚ-тан да оқып, көріп жүрміз. Батпандап кірген аурудың мысқалдап шығатынындай бүтін бір үлкен саланы аз уақытта «тазалап» шығу мүмкін емес. Полиция қызметкері зауыт-фабрикадан ине-жіптен өткендей мінсіз етіп жасап шығаратын бұйым емес. Олар да адам баласы, олардың да туа-бітті мінезі, ата-анасы мен өскен, оқыған ортасынан алған тәрбиесі бар. Он саусақ бірдей емес, полиция қызметіне теріс мінезді, ұстаным-пығылы дұрыс емес,адамгершілік қасиеті мен білімі таяз жастардың орналасып кетуі де бұл салаға абырой әкеліп жүрген жоқ. «Балық басынан шіриді» деген сөз бар. Жалпыға бірдей күйе жағудан аулақпын, десе де ІІО-ғы бос қызмет орындарына талапкерлер қабылдауда осы саланың жауапты қызметкерлерінің арасында «бармақ басты-көз қыстыға» жол беретіндердің кездесетіні бүгінде жасырын емес. Бұл бағытта Қызылорда облыстық ПД-де оң өзгерістер бар екені аңғарылады. Естуімізше бос жұмыс орындарына талапкерлер қабылдау ережесі қатаң сақтала бастапты дейді... Қазіргі уақытта талапкерлердің заңды «қатаң сүзгіден» өте алмау деректері көп екен. Бұны облыстың ПД-де көптеген қызмет орындарының бос тұрғанынан байқауға болады. Әйтеуір бүгінде әскери борышын өтеп келген немесе оқу орындарын бітірген кез келген қабілеттісі бар, қабілетсізі бар «полицей боламын» деп жаппай жүгіретін жастардың легі азайған. Еліміздің ішкі істер министрі М.Ахметжановтың «Біз, қатарымыздағы полиция қызметіне лайықсыз адамдардан арылуымыз керек, ондай адамдарға жауапты қызметті тапсырғаннан ол орынның бос тұрғаны жақсы» деген сөзі де жергілікті жерлерде іске асырыла бастағандай.

Қанша сынасақ та полицияда қызмет ету абыройлы міндет. Ортамызда өз ісіне, берген антына адал полиция қызметкерлері аз емес. «Бір құмалақ – бір қарын майды шірітеді» дейді халық даналығы. Бірақ осы «бір құмалақтардан» құтылмай полицияға халықтың көп бөлігінің сенім артуы әзірге екі талай жағдай сияқты.

ІІО-да ел сенімін ақтап жүрген адал полиция қызметкерлерінің аз емес екенін айтып өттік. Өзінің сындарлы ісімен, сырбаз мінезімен ел арасында абыройлы, қызметінде мақтаулы ІІО-ның қызметкерлері бар, бұрында болған. Енді, бүгінгі жас полиция қызметкерлері мен алдағы өз өмірлерін полиция қызметіне арнамақшы жастарға үлгі болар деген оймен бүгінде ортамызда жүрген, өзім білетін ІІО-ның екі ардагерінің кезінде ел сенімін ақтап адал, үлгілі атқарған қызметтері жайлы әңгімелемекпін.

Антына адал Аманов

Аманов Нұғыман Құлмаханұлы – 1942 жылы Жалағаш ауданында өмірге келген. Ол орта мектепті бітіргеннен кейін аздаған уақыт Жалағаш совхозында жұмысшы болып еңбек еткен. 1961-1966 жылдары Кеңес әскерлерінің Польша жеріндегі Солтүстік Әскерлер Тобында (СГВ) қызмет етеді. Ағамыз өзінің үш жылдық мерзімді әскери қызметін өтегеннен кейін де екі жыл мерзімінен тыс әскери қызмет атқарып,1966 жылдың соңғы күндері елге оралады.

Бес жыл әскери қызметке ысылып келген Нұғыман Құлмаханұлын Жалағаш аудандық ІІБ-нің басшылығы қызметке шақырып, ол 1967 жылдың алғашқы күндерінен бастап, милиция старшинасы арнаулы шенімен осы бөлімге қызметке орналасқан. Білімі орта мектеп деңгейінде болса да аз уақытта офицерлік лауазымға тағайындалып, милиция кіші лейтенанты арнаулы шенін алған Н.Аманов аудандық ІІБ-де БХСС инспекторы (социалистік меншікті талан-таражға салушылармен күрес қызметі), тергеуші сияқты жауапты офицерлік лауазымдарды абыроймен атқарыпты. Ол өзінің қызметтік міндеттерін адал атқарғаны үшін аудандық, облыстық ІІО-ның басшылығының көптеген марапаттарына ие болады.

Ішкі істер органдарының қызметкерінің жұмысын бағалау мінсіз атқарған қызметі мен алған марапатынан өзге халықтың құрметі және сенімі екенін жақсы түсінген жиырма жастан жаңа асқан милиция офицері Нұғман ағамыздың қызмет бабында ешқандай заңсыздықтарға жол бермегенін бүгінгі аға буын аудан тұрғындары жақсы біледі. Оның өзі «Қызметтік көрсеткіш қуалап, қоғамға қауіптілгі аз құқық бұзушылықпен ешкімді де әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке мәжбүрлеген жоқпын. Осындай төмен дәрежеде құқық бұзушылық жасағандарға заң шеңберінде ескерту жасайтынмын немесе олардың әрекетін еңбек ұжымында талқылауға жіберетінмін. Бірақ мемлекет қазынасына қол сұғушыларды, адам өміріне қауіп төндірген кәнігі бұзақы қылмыскерлер мен тұрғындардың жеке малын ұрлаушыларды жалпақшешейлік жасап, жауаптылықтан босатқан жоқпын» дейді, өткен өмірін есіне түсіріп отырып.

Уақыт алдыға жылжыған сайын, замана ағымы да өзгеріп отырады емес пе?! 1970 жылдардың соңында аудандық ІІБ-не КСРО ІІМ-нің орта арнаулы және жоғарғы оқу орындарын бітірген жас лейтенанттар тобы келе бастайды. Осындай өзгерістерге байланысты аудандық ІІБ-нің басшылығы милиция аға лейтенанты Аманов Нұғыман ағамызды учаскелік инспектор лауазымына ауыстырады. Оған Қаракеткен, Коммунизм (қазіргі М.Шәменов ауылы) және Ақсу ауылдарында қызмет ету бекітілген. Ол кездерде учаскелік инспекторларға ІІМ-нің арнайы бұйрығымен бекітілген міндеттерден өзге жергілікті партия-кеңес орындары мен өзге де құқық қорғау органдарының тапсырмаларымен жұмыс атқару міндеттелінетін-ді. «Осындай жағдайларда әсіресе Жалағаш қой шаруашылығында жұмыс атқару өте күрделі еді» дейді ардагер ағамыз. Мен бұл жағдайлардың шет жағасын көрген адам ретінде жақсы білемін. Шопандардың жайлауқыстауларға көшіп-қону уақытында учаскелік инспекторлардың жұмысы айтарлықтай қиындайды.

Көшіп-қону кезінде шопандар арасындағы қоғамдық тәртіп пен жол қауіпсіздігінің сақталуы мен мемлекет меншігіндегі мал басының талан-таражға түспеуін қадағалау өз алдына бір жұмыс. Сол кездерде ел ішінде «Қой сойғаның қоян сойғанмен бірдей» деген сөз бар еді. Айтса айтқандай, шопандар арасында алдындағы отарынан мал басын ретсіз пайдаланып, жол бойы арақ-шарап ішуге бейімділері де кездесетін. Міне осындай берекетсіздіктердің алдын алу учаскелік инспекторлардың міндетіне жататын. Бұндай тәртіп бұзушылықты болдырмау бағытында учаскелік инспектор ретінде Нұғман ағамыз алдын алу жұмыстарына шаруашылық мамандары мен қоғамдық ұйымдардың өкілдерін тарта отырып, шебер ұйымдастыра білген.

Н.Аманов ағамыздың жоғарыда аталған үлгілі жұмыстары оның тікелей қызметтік міндетіне жататыны белгілі. Ал ол өз міндетіне жатпайтын шопандардың көшіп-қонулары кезінде де олардың үй-жайларына орналасуына көмегін аямайтын, ол «бұл менің міндетім емес деп қарап тұрмаған» дейді білетіндер. Тіпті аса қажет кезінде мемлекет меншігіндегі мал басының сақталуы үшін шаруашылықтың автокөліктерін өзі жүргізіп кете беретіні де бүгінде ел ішінде ризашылықпен айтылып жүр.

Жалағаш қой шаруашылығында учаскелік инспектордың қызметін атқаруына қиындықтар тудыратын шаруашылық территориясының Қарағанды облысымен шектесетін өте үлкен аумақ – Қарақұм мал жайылымы болса, шаруашылық орталығының үлкен темір жол станциясында орналасуы еді. Қарақұмның етегінде, броконерлердің көз құрты үйір-үйір ақбөкені жортуылдаған және күндізтүні жолаушылар мен жүк тасыған поездары жүйткіп жататын аумақтағы учаскелік инспектордың жұмысының қаншалықты ауыр екенін осы салада қызмет еткендер жақсы біледі. Оның бұрыңғы әріптестерінің айтуынша ағамыз қандай бір құқық бұзушылықтың алдын алу бағытына баса назар аударады екен. Өзіне бекітілген сол кездегі Коммунизм (қазіргі Шәменов ауылы) елді мекенінің аумағына есірткі өсімдігін егуді жоспарлап, жер ыңғайын белгілеп қойған азамат жайлы білген учаскелік инспектор Н.Аманов әлгі азаматты тауып алып, қатаң ескерту жасайды. Алған бетінен қайтпауға бекінген сол азамат өзінің осы тірлігіне кедергі келтірмей, қазіргіше айтқанда оған «крыша» болса, сол кездегі жағдайда «Жигули» жеңіл көлігінің ең қымбат деген маркасын сыйлайтынын айтады. Оған қолы таза, адал, тәжірибелі учаскелік инспектор ағамыз «Менің саған жасаған жақсылығым осы болса, сенің маған жасаған сыйлығың, бұл ойыңнан бас тартқаның болсын. Егерде осы ескертуіме құлақ аспай, заңмен тыйым салынған әрекетке барсаң онда кейіннен маған өкпелеме» деген екен. Міне бұл тәжірибелі учаскелік инспектордың құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында атқарған жұмысының бір парасы осындай.

ІІО-ның бірнеше саласында адал, абыройлы қызмет еткен тәжірибелі учаскелік инспектор Аманов Нұғыман ағамыз осындай қарбалас, мазасыз көп жылдарды басынан өткізіп, 1987 жылы милиция аға лейтенанты арнаулы шенінде абыроймен зейнеткерлікке шықты. «Аға лейтенант» демекші, ол кездерде елді мекендердегі учаскелік инспекторларға осы шеннен жоғары шен берілмейтін. Ағамыздың капитан шенімен зейнеткерлікке шығуына мүмкіндік жасамақшы болып бөлім басшылары оған қызметінің соңғы жылында кезекші бөлімге ауысуына ұсыныс жасағанда оның өзі «мен үшін маңыздысы жоғарғы шен емес, елдің алғысын алып, осы шеніммен зейнеткерлікке шыққаным дұрыс» деген екен. Неткен қарапайымдылық, неткен адалдық, елжандылық десеңізші?!

Бүгінде 80 жасқа толып отырған ІІО-ның ақсақалы Аманов Нұғыман ағамыз кеңес әскерлерінің қатарында жүріп марапатталған «ҰОС-ғы Жеңіске – 20 жыл» мерекелік медалынан кейін КСРО ІІМ-нің 1,2,3 дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін», «Кеңес милициясына –50 жыл», «Еңбек ардагері» медалімен және бірнеше төсбелгі, Мақтау грамоталарымен де марапатталған.

Отставкадағы милиция аға лейтенанты ағамыз «зейнеткермін» деп үйінде жан бағып отыратын адам емес, ол өзі учаскелік инспектор болып қызмет еткен Жалағаш совхозының бақша өсірушілер бригадасында звено жетекшісі болып бірнеше жыл жемісті еңбек етті. Діни сауаты бар ағамыз жасы егде тартқан шағында Қаракеткен ауылындағы "Әбділда ата" мешітінің имамы болып та елді имандылыққа бастауға және жастардың теріс діни ағымдардың жетегінде кетпеу жолында көп еңбек сіңірді. Ол тек қана жаназа шығарушы молда емес, дәстүрлі дінімізді насихаттаушы, жастарды имандылық, адамдық жолына үндеуші де бола білді.

Адамның тағдыры бір Жаратқан Иемізге ғана белгілі деп ойлаймын. Өзінің жасы жетінші ондыққа иек артқанда ардагер ағамыздың Құдай қосқан қосағы Балкен апамыз өмірден өтті. «Көп екен көргенімнен-көрмегенім» дегендей оның азамат болған екі ұлы бірінен соң бірі кенеттен қайтыс болды. «Нардың жүгін – нар көтереді» демейді ме дана халқымыз, тағдырдың бұл ауыр сынағын да ағамыз ерлерше көтере білді, ат байлар немерелерінің барына шүкіршілік етті.

Сексен аз жас емес, соңғы кездері ағамыздың денсаулығы сыр беріп, облыс орталығы мен аудан орталығындағы ауруханаларда ұзақ уақыт емделді. Өзінің сексен жасқа толған мерейлі күнін облыстық аурухана төсегінде қарсы алған полиция ақсақалын, ІІО мен Ұлттық Ұлан ардагерлерінің қазақстандық Кеңесінің Қызылорда облыстық филиалының атынан әріптес-ардагер інілері Әлменов Әли мен Мамасимов Нұрлан ауруханаға барып құттықтап, ұлттық дәстүрімізбен шапан жауып, сый-сияпаттарын табыс етіп, батасын алды.

Жуырда ғана атап өтілген Қазақстан Полициясының 30 жылдық мерекесі күндері де денсаулығы біршама тәуірленген Нұғыман ағамыз аудандық ауруханаға ауыстырылып, осында ем-дом қабылдап жатқан еді. Жалағаш аудандық ПБ бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Абзал Сералиев пен бөлімнің бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы, отставкадағы полиция подполковнигі Ержанов Базарбай және бір топ әріптес-ардагер інілері Қазақстан Полициясының атаулы мерекесімен құттықтап, ағамызға ІІО мен Ұлттық Ұлан ардагерлерінің қазақстандық Кеңесінің «Құрмет» грамотасын табыс етіп, сый-сияпат жасады. Өзі ұзақ жылдар қалтқысыз қызмет еткен саланың отыз жылдық атаулы мерекесімен құттықтап келген әріптес інілеріне ризашылығын білдірген полиция ақсақалы толқып отырып «Үлкен ағамыз» деп құрметтегендеріңе алғысым шексіз, осылай мен және мен сияқты аға буынның ғана емес, әрдайым да адал қызмет етіп, елдің, халықтың алғысына бөлене берулеріңе тілектеспін» деп ризашылығын білдіріп, батасын берді.

Бейбіт күнді күзеткен Бейбітшілік

Толыбаев Бейбітшілік – 1959 жылы 24 қазанда Жалағаш ауданындағы қазіргі Мырзабай ахун ауылында өмірге келген. 1975 жылы Еңбек ауылындағы №232 мектептің сегізінші сыныбын бітіргеннен кейін,1975-1978 жж Қызылорда қаласындағы №152 кәсіптік-техникалық училищеде оқып жүргізуші мамандығын алған.1979-1981 жылдары Кеңес әскерлері қатарында азаматтық борышын өтеген. Ол 1981-1986 жылдары облыстық «Главриссовхозстрой» мекемесінде жүргізуші болған кезінде озат маман ретінде партия қатарына қабылданады.1986 жылдың қараша айында Қызылорда қалалық партия комитетінің жолдамасымен облыстық ішкі істер басқармасы, мемлекеттік автоинспекция бөліміне жол-бақылау инспекторы лауазымына қызметке қабылданған.

Милиция сержанты Бейбітшілік Боранбайұлы мемлекеттік автоинспекция саласында қызмет еткен кездерінде Жалағаш ауданының аумағындағы және аудан аумағынан өтетін мемлекетаралық маңыздағы жолдардың бойында жол-көлік оқиғалары мен қылмыстық әрекеттердің алдын алу бағытында жемісті еңбек етті. Ол өзі қызмет еткен жылдары жол бойында кезекшілік атқарған кездерінде жүргізушілердің жолда жүру ережелерін қатаң сақтауын бақылаумен қатар, ішкі істер органдарына міндеттелінген барлық құқық бұзушылылықтармен ымырасыз күресе білді.

Облыстық ІІБ МАИ бөлімінің жол-бақылау инспекторы, милиция сержанты Бейбітшілік Боранбайұлы егін жинау науқаны уақытында және күнделікті жол бойында қызмет еткен кездерінде өзіне бекітілген аумақтарда бірде-бір құқық бұзушылықтарды назарынан тыс жібермейтін. Ол ай сайын ең кем дегенде спиртті ішімдік ішіп көлік басқарған 15-20 жүргізушінің жолын кесетін. Оның бұл еңбегін сол кездердегі Жалағаш АІІБ МАИ бөлімшесінің бастығы, милиция капитаны Алмас Тобжанов ағамыз «Ол қанша спирттік ішімдік ішіп көлік басқарған жүргізушінің жолын кессе, соншалықты жол-көлік оқиғасының алдын алу және ондаған адамның өмірі мен денсаулығын қорғап қалды» деп бағалайтын. Сол кездерде жүргізушілер арасындағы «Бейбітшілік жүргізушілердің бір-екі тәртіп бұзушылығына ескерту жасауы мүмкін, бірақ арақ ішіп, көлік жүргізгендерді ешқашан кешірмейді» деген сөзі көпшілік арасына тарап кеткен еді.

Ал Толыбаев Бейбітшіліктің жол бойында орын алған қылмыстық әрекеттерді әшкерелеп, қылмыскерлерді құрықтаудағы тапқырлығы мен батылдығының өзін көптеген нақты фактілермен айтуға болады. Олардың қатарында оның аса көп мөлшерде есірткі затын тасымалдаушы қылмыскерді ұстағанын атап өтсек те болады.

...Ол 1996 жылдың қараша айында, Қызылорда–Жалағаш жолында кезекшілік атқарып тұрғанда күдікті «МАЗ» ауыр жүк көлігін тоқтатады. Көлік жүргізушісі ұлты қытай жергілікті азамат Б.Толыбаевтың көлік қорабын ашып «көрсетіңіз» деген талабына бағынбай, барынша қарсыласып баққан. Өз қызметін өте жауапкершілікпен, мүлткісіз атқаратын ол, куәгерлердің көзінше автомашина қорабынан салмағы 19 келі 100 грамм «геройн» есірткі затын тауып, тиісті құжаттар толтырып, күдікті азамат пен автомашинаны және айғақты зат есебіндегі үлкен сумка толы есірткі затты аудандық ІІБ-не өткізген. Осы жерде айта кетуге тиіспіз. Оған бұл қылмысты әшкерелеу барысында есірткі затын тасымалдаушы күдікті азаматтан басқа, бірнеше ықпалды адамдар тарапынан қарсылықтар болып, қылмысты жасырып қалғаны үшін үлкен көлемдегі сыйақы ұсынудың да болғанын айта кету керек. Бірақ өз міндеттері мен берген антына адал тәртіп сақшысы Толыбаев Бейбітшілік өзіне көрсетілген қарсылықтарды тойтарып,үлкен көлемдегі пара есебіндегі сыйақыдан бас тартқан. Айта берсе оның өзінің негізгі қызметтік міндеті – жол қозғалысына қатысушылардың жолда жүру ережелерін қатаң сақтауын бақылаумен қатар, барлық құқық бұзушылық әрекеттердің алдын-алудағы үлгілі қызметін осындай көптеген нақты деректермен атап өтуге болады.

Негізгі қызметінен қол үзбей жүріп жоғарғы білім алған үлгілі жол сақшысы Толыбаев Бейбітшілікті Жалағаш аудандық ІІБ-нің басшылығы 1998 жылы офицерлік лауазымға ұсынып, ол бөлімнің учаскелік инспекторы болып тағайындалды. Оған қоғамдық қауіпсіздіктің сақталуы мен барлық құқық бұзушылықтардың жолын кесу және орын алған қылмыстарды дер кезінде ашу бағытында жұмыстар жүргізу үшін Еңбек, Ақарық, Жаңадария ауылдары бекітілген еді.

Үлкен үш бірдей елді мекенге учаскелік инспектор болып тағайындалған Толыбаев Бейбітшілік бұл қызметті де үлкен жауапкершілікпен атқарып, аудандық, облыстық ішкі істер органдарының басшылығынан марапаттар алып жүрді. Әсіресе өзіне бекітілген елді мекендердің тұрғындары мен сол аумақтың ардагер ақсақалдарының оның атқарып жүрген қызметіне ризашылық алғыстарының өзін ерекше атап өтуге болады. Өйткені сол өтпелі кезеңнің ауыртпалықтары көп жылдары азаматтардың жеке мүліктері мен жекеменшік нысанға ауысқан шаруашылықтардан көп мөлшерде астықтың ұрлануы өте белең алып тұрған-ды. Оның үстіне өрістен және тұрғындардың қораларынан майда мал мен ірі қара және жылқы малдарының ұрлығы да өршіп тұрған еді.

Осындай қылмыстылық ахуал өршіп тұрған өте күрделі жағдайда Толыбаев Бейбітшілік жеке өзі және қылмысты іздестіру саласының қызметкерлерімен бірге жүйелі жұмыстар жүргізіп, көптеген қылмыстың бетін ашты. Тәжірибелі тәртіп сақшысы Толыбаев Бейбітшілік Боранбайұлы 1998-2004 жылдары жеке өзі 27 қылмысты ашып, облыс көлеміндегі ең үздік учаскелік инспекторлардың қатарына қосылды.

Аталып өткендей оның тынымсыз еңбегінің арқасында өзі қызмет ететін үш елді мекенде айналасы 3-4 жылда орын алған қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтар саны күрт төмендеп, Еңбек, Ақарық, Жаңадария ауылдары криминогендік жағдайы тұрақты, тыныш өмір сүруге қолайлы аймаққа айналды.

Жалағаш аудандық ІІБ-нің учаскелік инспекторы, полиция капитаны Толыбаев Бейбітшілік Боранбайұлының атқарған үлгілі, үздік қызметтері кезінде тиісті дәрежеде бағаланып отырды. Ол кезінде ҚР Президентінің Алғыс Хатына ие болып, ҚР ІІМ генерал-полковник Қ.Сүлейменовтің қолынан Мақтау грамотасы мен бағалы сыйлық (аты-жөні жазылған қол сағат) алды. Сонымен қатар жергілікті АІІБ-і мен ОІІД-нің және атқарушы билік орындарының да көптеген марапаттауларына ие болған еді. Сондай-ақ оның суреті бірнеше жыл қатарынан ОІІД-нің Құрмет Тақтасында тұрды. Осындай үлгілі қызмет еткен, үздік тәртіп сақшысы Бейбітшілік Толыбаев 2004 жылы қараша айында полиция капитаны арнаулы шенімен отставкаға шықты.

Ол ІІО-на қызметке келгенше қатардағы үздік жүргізуші ретінде «Коммунистік еңбектің екпіндісі», «1981-1985 жж 10-бесжылдықтың үздігі», «Социалистік жарыстың үздігі» төсбелгілерімен марапатталса, ІІО-ғы үздік қызметі мен ардагерлер қатарындағы белсенді қоғамдық жұмыстары үшін де ҚР ІІМ-нің Қазақстан жол полициясына – 20 жыл», «ГАИ-МАИ-Жол полициясына – 80 жыл» төсбелгілерімен және «Қазақстан Полициясына – 25 жыл», ТМД елдері ІІМ біріккен ардагерлер ұйымдарының «Милицияға – 100 жыл» медалдарымен де марапатталған.

Ол отставкаға шыққаннан кейін де «зейнеткермін» деп үйінде қарап жатқан жоқ. Заман талабына бейімделген еңбексүйгіш Бейбітшілік Толыбаев бүгінде өзі ұйымдастырған «Боранбай» шаруа қожалығына басшылық жасайды. Егін егіп, мал басын көбейту бағытында еңбек етіп жүрген бұрынғы тәртіп сақшысы, қазіргі кезде аудан қазынасына қомақты қаржы салып отырған салық төлеуші кәсіпкер ретінде де ауданымызға белгілі азамат.

Қандай салада болса да үздіктер қатарында еңбек ететін Толыбаев Бейбітшілік Боранбайұлы Жалағаш аудандық полиция бөлімінде және бөлімнің бастауыш ардагерлер ұйымында өтетін көпшілік қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. Ол қазіргі уақытта әсіресе жас полиция қызметкерлерін антына адалдық, отансүйгіштік рухта тәрбиелеу бағытындағы қоғамдық шаралардың барлығына да үзбей атсалысуда. Сонымен қатар ол, Жалағаш аудандық ПБ-нің Еңбек ауылына бөлінген учаскелік полиция инспекторының ақылшы-тәлімгері.

Оның бұл азаматтық ұстанымдағы қоғамдық жұмыстары да облыстық, аудандық ардагерлер Кеңесі, ішкі істер органдары мен оның ардагерлер ұйымдары және бірнеше қоғамдық ұйымдар тарапынан да тиісті дәрежеде марапаталып келеді.

Ішкі істер органдарындағы өзіне міндеттелінген қызметтік лауазымын абыроймен атқарған бұрынғы полиция офицері Бейбітшілік Боранбайұлы құдай қосқан қосағы Гүлшат екеуі тоғыз ұл мен қыз және он алты немере тәрбилеп отырған үлгілі жанұя басшысы ретінде өз ортасына да сыйлы азаматтар қатарында.

Ішкі істер органдарының бірнеше қызмет саласындағы өзіне жүктелген қызметтік міндеттерін мінсіз атқарған ІІО-ның зейнеткері, ауылшаруашылығы бойынша үздік фермер, отставкадағы полиция капитаны Толыбаев Бейбітшілік Боранбайұлы да сөз басында әңгіме еткен Аманов Нұғыман ағамыз сияқты қандай салада еңбек етсе де, өзінің үлгілі ісімен үнемі алғыс арқалап жүрген елге сыйлы азамат.

«Адам мінезін өзгертуге болмайды деген адамның тілін кесер едім» деген Хакім Абайдың «Мінез – адамның көрсеткіші» деген де сөзі бар. Ұлы ақынның осы сөзіне жүгініп айтсақ, өзіммен бірнеше жыл қызметтес болған бірі құрметті аға, бірі замандас досым, ІІО-ның ардагерлері Нұғыман Аманов мен Бейбіт Толыбаевтың қандай салада қызмет етсе де өздерінің сындарлы ісімен және сырбаз мінездерінің арқасында көпшілікке үлгі болған қызметтері жайлы хадари-халімше айтып өттім. Иә, шынымен де жастық шақтарын ел тыныштығын қорғауға арнаған екі ардагер әріптесімнің құрметті демалысқа шыққаннан кейінгі ел сүйсінер азаматтық ұстанымдары мен еңбексүйгіштік қасиеттері кейінгі буын жастарға үлгі боларлықтай емес па?!

Болатбек НҰРЖАНОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
ІІО-ның ардагері

Бірыңғай медиация күні өтті

5 тамыз күні Жалағаш аудандық сотында аудандық сот төрағасы А.Мизанбаевтың төрағалығымен Медиация күніне арналған кездесу өтті.

Жалпы медиация жанжалдардың алдын алу және оларды сотқа жеткізбей шешу, сол сияқты халықтың құқықтық сауаттылығын нығайтуды көздейді. Бүгінгі таңда қоғамдық сананы жаңғыртудың бірден-бір жолы медиация институтын дамыту болып тұрғанының себебі де осы. Азаматтардың кез келген жанжалды шешу барысында ымыраға келуге дайын болуы өз кезегінде азаматтық жетілу мен жауапкершіліктің индикаторына айналады, қоғамның құқықтық мәдениетінің даму деңгейін жоғарылатады. Сондай-ақ мемлекеттің бүкіл әлеуметтік құрылымының әлеуметтік жағдайы мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Жиын барысында кәсіби медиатор М.Хайдаров Медиацияның әлеуетін ұтымды пайдалана білсек, біз қоғамда орын алатын дау-дамайларды оңтайлы реттеу арқылы ішкі бірлікті бекемдеп, ел іргесінің берік болуына үлес қоса алатынымызды жеткізді.

Бұдан бөлек аудандық сот төрағасы А.Мизанбаев қоғамда медиацияның дамуына үлес қосып жүрген М.Хайдаров, Ж.Ибраев және Д.Ильясовты кәсіби мерекелерімен құттықтап, алғыс хат табыстады.

Айта кетейік, шараға кәсіби, кәсіби емес медиаторлар, прокуратура өкілдері, аудандық сот қызметкерлері және ZOOM онлайн форматында ауылдық округтегі медиаторлар қатысты.

“ЖЖ” ақпарат

Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап мүгедектігі бар адамдар техникалық оңалту құралдарына және арнаулы әлеуметтік қызметтерге әлеуметтік қызметтер порталы арқылы (aleumet.eqov.kz) сайтына тапсырыс бере алады.

Мүгедектерді оңалту құралдарына протездік-ортопедиялық, сурдо-тифлотехникалық және міндетті гигиеналық құралдар, сондай-ақ кресло-арбалар жатады. Сонымен қатар арнайы әлеуметтік қызметтер, жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшілердің, есту кемістігі бар мүгедектерге ымдау тілі мамандарының қызметтерін ұсыну және санаторий-курорттық емделу қызметтерін қамтиды.

Осы уақытқа дейін техникалық оңалту құралдары және жоғарыдағы қызметтер мемлекеттік сатып алу арқылы ұсынылып келеді. Әлеуметтік қызметтер көрсету жүйесін жаңғырту, қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру мақсатында 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап республика бойынша әлеуметтік қызметтер порталы енгізілді.

Порталдың енгізілуі оңалту қызметтеріне қажеттілікті айқындайды. Ең бастысы, көрсетілетін қызметтер мен оңалту құралдарының қызмет алушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес келмеу мәселелерін шешеді, яғни мүгедектер қажетті құралдар мен қызмет түрлерін өздері таңдай алады.

Порталды енгізу нәтижесінде техникалық оңалту құралдары және арнаулы әлеуметтік қызметтерді проактивті формат арқылы тағайындау бизнес-процестерінің мерзімі 1-2 аптаға дейін қысқарады. Мүгедектігі бар азаматтардың ұсыныстарына сәйкес техникалық құралдар мен оңалту қызметтерінің белгіленген бағаларын өтеу механизмі қарастырылған. Бұл анағұрлым қымбат тауарлар мен қызметтерді таңдау барысында порталда қосымша төлем жасау функциясы қолжетімді болатындығын білдіреді.

Сонымен қатар сертификаттары бар мамандар кеңінен қолжетімді болады, ал медициналық әлеуметтік мекемелердің бірыңғай тізілімінде барлық медициналық мекемелердің жабдықталуы мен жүктелуі ескеріледі.

Порталдың іске қосылуы оңалту құралдары мен қызметтерді, үйден бір терезе арқылы уақытылы әлеуметтік көмек алу, өнім берушілер мен қызмет көрсетушілер, әлеуметтік қызметкерлер мен мамандар туралы мәліметтерге тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Бұл адал бәсекелестікті арттырады және оңалту құралдары мен қызметтерін іске асыруда әлеуетті өнім берушілердің қатысуының ашықтығын қамтамасыз етеді. Әлеуметтік қызметтер порталы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттырады.

Осыған орай, аудан көлеміндегі барлық мүгедектігі бар адамдар ЭЦҚ кілттерін алып, аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінде және ауылдық округ әкімдігінде ұйымдастырылған өзін-өзі қызмет көрсету аймағына барып, арнайы қызметкерлермен аталған порталға кіруге және техникалық оңалту құралдарын, арнайы әлеуметтік қызметтерге өтініш бере алатынын, сондай-ақ кез келген сұраққа жауапты аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі арқылы толық ақпарат (31-3-93 телефоны) ала алатынын хабарлаймыз.

Аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі

Хабарландыру

Облыс әкімінің бастамасымен Қазақстан Республикасының білім беру мекемелерінде, өңірге қажет мамандықтар бойынша аз қамтылған (нысаналы) отбасылардан шыққан студенттерге білім беру қызметіне ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау белгіленген.

2022 жылға білім беру қызметіне ақы төлеуге әлеуметтік көмек тағайындау үшін нысаналы топтар отбасы балаларына аудан өңіріне қажетті мамандықтарға облыс әкімінің 4 оқу гранты бөлінген.

Бөлінген 4 гранттың мамандықтар тізбесі: Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне «Орыс тілі мен орыс әдебиеті пәні мұғалімі – 1 грант», «Болашақ» университетіне «Шет тілі мамандығына – 1 грант», Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетіне «Әлеуметтанушы мамандығына – 1 грант», М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетіне «Жалпы медицина мамандығына – 1 грант».

Құжаттарды қабылдау ағымдағы жылдың 5 тамызынан басталады. Қажетті ақпараттар алу үшін байланыс телефоны 8(72431)31393.

Аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі

Мәселе

Тіршілік тазалықтан басталады

Тазалық жайында айтылып та, жазылып та жүр. Тіпті соңғы жылдары осы тазалық мәселесі біздің елде ғана емес, халықаралық деңгейде оқтын-оқтын көтеріліп, тіпті ғаламдық проблемаға айналып барады. Өйткені, адамзаттың табиғатқа деген шектен шыққан қатыгездігінен, өзі өмір сүріп отырған қоршаған ортаға салғырт қарауының салдарынан жер бетінде түрлі экологиялық апаттар туындап жатыр. Ал сол экологиялық апаттардың бастауы адамдардың айналасын ластауынан орын алып отыр.

Айталық, күнделікті төгілетін тұрмыстық қалдықтардың ішіндегі бір реттік пайдаланатын полиэтилен қалтаның өзі залалсыздандырылмай топырақ астында көміліп қалар болса, жердің «тынысын» тарылтады. Жер астына түскенімен ғасырлар бойы шірімейтін алақандай ғана мұнай қалдығынан жасалған қалта жердің өз көлеміндей бір бүйірін бітеп, жаралайды. Содан соң ол маңға ешқандай өсімдік шықпайды. Өсімдік шықпаған жерде экологиялық тепе-теңдік бұзылатыны белгілі.

Ал күніне күл-қоқыспен бірге қаншама полиэтилен қалталар шығарылып, залалсыздандырылмаған күйі топырақ астында қалып қойып жатыр. Егер адамзат бұл бойкүйездіктің алдын алмаса, жердегі тіршілік үшін мұның зардабы тым ауыр болмақ. Ол үшін қоғамның тазалыққа деген көзқарасы қайта қалыптасып, тұрғындар тазалыққа деген немқұрайлықтан арылуы тиіс.

Біздің ауданымызда тазалық жұмыстары біршама реттелді. Тұрғындар да жылдан-жылға ауласын, айналасын, көшесін таза ұстауға бейімделе бастады. Санитарлық-тазалық жұмыстары да жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Әсіресе, көктем айларындағы көркейту-көгалдандыру мен сенбіліктердің пайдасы зор. Әйтсе де, осы тұста айналып өтуге болмайтын бір мәселе бар. Ол да көркейту-көгалдандыру жұмыстарына қатысты.

Көктемде көше бойларына сан мыңдаған қаламшалар мен көшеттер отырғызылады. Алайда, солардың көбі көктемейді немесе бой алмай қурап қалады. Бұның ең басты себебі, оны еккен адамда ықылас болмайды. Сыр өңірі кетпеннің сабын қадай салса, ертесі көктеп кететін жерұйық емес, сазды, құмды, ағаш өсіруге климаты қолайсыздау аймақ. Сондықтан көшені көркейтемін деген адамға ең алдымен ықылас керек. Мұны неге айтып отырмын? Өзіңіз ойлаңызшы, өз ауласына бір түп тал екпеген адамның көшеге отырғызған көшеті көктей ме? Әрине, көктемейді. Сондықтан меніңше, көктем мезгіліндегі көркейту-көгалдандыру жұмыстарына жердің жайын білетін, топырақтың құнарын түстеп ажырататын, бағбандықтан хабары бар адамдарды жұмылдыру керек шығар.

...Автовокзалда Жалағаш-Қызылорда бағытына жүргелі тұрған автобустың орнынан қозғалатын уақытын күтіп отырмыз. Ұзын орындықта қаз-қатар отырған бес-алты адамның ішінде бір ағамыз аузынан түтіні бұдақтап қызына сөйлеп отыр. Әңгіме ауаны – тазалық жайында.

– Қай күні бір әйел аялдамада шемішке шағып отыр. Қабығын қорапқа жинап шақса жөн, отырған орнына шашып кетті. Шешесін көрген қасындағы кішкентай баласы да жеп тұрған балмұздағының қағазын көшеге тастай салды. Бала көргенін істейді ғой енді. Бір қыз автобуста сағыз шайнап отыр. Қоғамдық көлікте шайнаңдап отырудың әдепсіздік екенін білмейді қазіргі жастар және сол резеңке сағыздың әбден дәмі кеткен соң отырған орындығына жапсырып кететінін айтпаймысың. Қай күні бір топ жастар саябақта келе жатып қолдарындағы сусыннан босаған шөлмектерді лақтыра салды, – деді.

Дұрыс айтып отыр. Үлкен кісі ғой, күйгеннен айтады-дағы. Оның үстіне қоғамдық орындар мен көшелерде тазалық сақтамайтынымыз тағы рас. Әрі десе жастардың әрбір әрекетін бақылап жүретін, жақсы ісіне сүйсініп, жамандығына күйініп, кемшіліктерін, олқылықтарын айтып, түзетіп отыратын осындай кісілердің барына қуанып қалдым. Бірақ бір минут өтпей әлгі ағам шегіп отырған қолындағы темекісінің тұқылын сұқ саусағымен шиырып атып жіберді...

Қуат АДИС

Сала майталманы

Еңбегі еленген теміржолшы

Еліміздің кең байтақ жерін, одан қалды көрші мемлекеттермен үздіксіз байланыстырып отырған ені 4-5 метр ғана етіп жерге тартылған шойын жолды ел экономикасының күретамыры десек артық айтпаймыз. Теміржол тіршілік жолы, ал оның бойына қан жүгіртіп, тұрақты жұмыс жасап тұруы үшін еңбек ететін теміржолшылар. Темірлі жолды ырқына көндіріп, алыс жолды қысқартып, ауырды жеңілдеткен теміржолшылардың қажымас қайратына, болаттай беріктігіне таңданасың. Кәсіби мереке қарсаңында осындай ауыр да күрделі жолды таңдаған теміржолшы Ердібек Маханбетовты құттықтап, бізде жұмыс орнына барған болатынбыз. Ауданға қарасты қазіргі Қара иірім разъездінде кезекші болып еңбек ететін Ердібек ағамыз да жұмыс орнынан табыла кетті.



Жас келсе, іске демекші Ердібек ағамыз да 20 жасынан бастап теміржол саласына жұмысқа кіріп, өзінің жастық шақтағы күш-жігерін теміржолдағы бірнеше ауқымды жұмыстарға жұмсапты. Қандай жұмысты қолына алса да өте тиянақты, жауапкершілікпен орындайтын Ерекеңді әріптестері мақтаудан басқа сөз айтпайды.

1960 жылы Жалағаш кентінде өмірге келген Ердібек, 1967 жылы Дәуімбай елді мекеніндегі №202 мектептің табалдырығын аттап, 1977 жылы жақсы деген бағамен бітіріп шығады. 1978 жылы Отан алдындағы борышын өтеу үшін әскер қатарына шақырту алады. Чехославакияда әскери борышын абыроймен өткеріп, 1980 жылы ауылға оралады.

– Әскерден келген соң екі қолға бір күрек тауып, еңбек етуді жөн көрдім. Қандай жұмыс жасасам деп көп ойланбадым. Себебі кішкентайымнан көргенім шойын жолдың бойы, отбасымызда әкеміз Қалыбай Құдайбергенов теміржол саласында абыроймен еңбек етті. Оған қоса атам Тоқмырза мен апам Саракүл де осы саланың ардагерлері. Міне сол кісілердің жолын қуып, менде ойланбастан теміржол саласына келдім. Теміржол еліміздің экономикасының күретамыры дегенге толықтай келісемін. Өйткені теміржол барған аймақ дереу гүлденіп, жайнап шыға келеді. Бірақ сондай нәтиженің артында үлкен маңдай тер мен еңбек жатады. Ал адам ішінен соған дайын болмаса, ол нағыз теміржолшы бола алмайды. Сондықтан осындай кәсіпті қыстың қырауы, жаздың аптабы демей абыроймен атқарып келе жатқан әріптестерімнің еңбегіне тек қана табыс тілеймін, – дейді Ердібек Маханбетов.

1981 жылы жұбайы Гүлсім апамызбен отау құрған сала майталманы қазіргі таңда 5 бала өсіріп, үлгілі отбасылардың бірі болып отыр. Жігітке жеті өнерде аз дегендей, Ердібек ағамыз жұмыспен қоса өздерінің отбасылық кәсіптерін де дөңгелентіп отыр. Кентте «Алихан» деген атаумен қоғамдық монша, шаштараз сынды әлеуметтік маңызы бар сервистік орталығы жұмыс жасап тұр. Әке орнын басқан Ердібектің теміржолда еңбек еткеніне биыл 42 жыл болыпты. Қаңтар айында ағамыз зейнеткерлікке шығатын көрінеді. Әріптестері «Иә, қуанарымызды, не мұңаярымызды білмейміз» дейді күліп. Әрине осындай білікті де жауапкершілігі мол маманнан қай сала болса да айырылғысы келмейтіні рас. Бірақ Ердібек ағамыз ендігі жол жастарда, 40 жылда жиған тәжірибемді жастармен бөлісуге, үйретуге қашанда дайынмын дейді. Елге сыйлы, ұжымдастарына қадірлі азамат біліктілігімен еленген. Еселі еңбегінің арқасында бірнеше алғыс хаттармен қоса, сала үздігі деген медалімен марапатталған.

– Мен бақытты адаммын. Өйткені өзім қалаған мамандықпен жұмыс жасадым. Бала кезде теміржолшы болуды армандайтынмын. Осы салада қызмет еттім, тер төктім, Аллаға шүкір. Бүгінгі кәсіби мереке қарсаңында барлық теміржолшыларды төл мерекесімен тағы да құттықтаймын, – деп барлық әріптестеріне алғысын жеткізді теміржолшы Ердібек Ақмырзаұлы.

Жандос ЖАЗКЕН

Ойтаразы

Ынта болса кәсіп көп

Қазір жұмыс жоқ деп қол қусырып отыратын заман емес. Халықтың табысы да төмендеп кетті. Оның үстіне базардағы азық-түлік бағасы да шарықтап, қарапайым халықты діңкелеткелі біраз болды. Заманауи күнкөріс көзіне айналған жаңа жұмысқа да жұрт төселе бастады.

Ата-бабаларымыз «Есектің артын жу да мал тап» деген емес пе? Айналада болып жатқан оқиғаларға бейжай қарамай, бақылап отырамыз. Көршіміз жап-жас келіншек еді. Қырыққа жақындап қалған әйелдің екі жыл бұрын күйеуі қайтыс болды. Содан 5 баласымен жесір қалған әйел екі қолға жұмыс таппай сенделіп жүрді. Бір күндері таңертең әлгі әйел жұмысқа кетіп бара жатқанын байқадым. Қандай жұмысқа орналастың деп сұрағанымда, оның айтқаны «Жұмыс таппай бармаған жерім, баспаған тауым қалмады. Іздестіріп жүріп, бір байдың асханасына тамақ пісіріп беруге жалдандым. Күніне 3-4 мың береді. Әлгі екі қабатты еңселі үйде 3-ақ адам тұрады. Үшеуіне үш түрлі тамақ, үш түрлі салат, пісіретін тәттілерім бар азаннан кешке дейін асханада ас пісіремін.

Менің күнделікті шаруам сол. Ал үй жинап, тазалықпен айналысатын бөлек адам. Бірақ үйдің иесін танымаймын. Әйтеуір бір дөкей шығар деп ойлаймын. Бізді оларға көрсетпейді. Жатқан бір құпия. Бізге тиынымызды берсе соған мәзбіз. Кешке жеңіл көлікпен үйге жеткізеді, азанда алып кетеді. Шаруам бар деп сұрансаң келісе қояды. Білмеймін, әйтеуір жалдаған қожайындардың көңілінен шыққан секілдімін. Менен айырылғысы келмейді. Менің өзімнің мамандығым аспаз болған соң бұл жұмыс қиындық тудырмайды. Ең бастысы балаларымды жеткізуім керек қой, апа» деді. Шынында айтқан сөзінің жаны бар. Қарап отыратын заман емес. Реті келсе осылай да жан бағатын отбасылар бар екен. Тіпті бар деген бос сөз. Күннен күнге көбейіп барады. Ақшасы барларға енді қалай шалқыса да жарасады. Аз ғана өмірде алшаң басып жүргісі келеді ғой. Бұл бір жағынан қазекеңнің байығанының да көрінісі шығар деп ішіміз жылып та қалады. Қарапайым жұртқа бұл кәдімгідей табыс көзі.

Жұмыссыз қалған бір апамыздың қызы да біраз уақыттан бері біреудің үйін тазалайды. 100 мыңның үстінде айлық береді, тіпті жап-жаңа киімдерін тегін береді. Ал ол киімдер шетелдікі. Қымбат екені көрініп тұр. Бұрын мұндай кәсіптен қазақтар қашып, «малай» боламыз ба? деп кербезденетін. Бұрын саудаға да «саудагер», «алыпсатар» деп қырын қарайтынбыз. Қазір «Сауда сақал сипағанша» деп жеке кәсіптің де майын ішіп, жілігін шақтық. Заман-ай адамына қарай заманы дейміз ғой. Әйтеуір, амалдап жатырмыз.

Бұл қазақ не көрмеген? «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» демей ма? Сол заман бәлкім осы болар? Қалай болғанда да нәпақа тауып, бала-шағаны асырағанның атыңның озғаны сол. Жалған намыс адамды жарға жығады. Екі қолға жұмыс таппай бос жату нағыз азап сол. Сондықтан қандай кәсіп қылсақ та, Алладан берекесін сұрайық. Бүгінгінің шындығы осы.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
"Жалағаш жаршысы" газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
"Жалағаш жаршысы" аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) "Сапа менеджменті жүйелері" талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 1310

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ